

Шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін Ынталы ауылдық округінде белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алакөл ауданы Ынталы ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 16 тамыздағы N 07 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 қыркүйекте N 2-5-115 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Ынталы ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 01 қарашадағы N 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алакөл ауданы Ынталы ауылдық округі әкімінің 2010.11.01 N 12 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" N 339-ІІ Заңының 10-1-бабының 7-тармақшасына және Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының 2010 жылғы 25 мамырдағы " Ынталы ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан құтырма ауруының туындағанына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" ұсынысына сәйкес, Ынталы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Ынталы ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан, құтырма ауруының шығуына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимі б е л г і л е н с і н .

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау Ынталы ауылдық округінің бас маманы А. Сазанбаевқа жүктелсін.

3. Шешім жергілікті басылымда ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ы н т а л ы а у ы л д ы қ
округінің әкімі: Қ. Иманқұлов